

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«№ 4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі» КММ**

«МЕНІҢ ҚОЛЫМНАН БӘРІ КЕЛЕДІ!»

(психикалық дамуында тежелісі бар бастауыш сынып
оқушыларына арналған дамыту-түзету бағдарламасы)

Дайындаған: Тукбергенова Ботакоз Владимировна
Лауазымы: педагог-психолог

Павлодар қаласы, 2025 жыл.

Тукбергенова Ботакоз Владимировна

«Менің қолымнан бәрі келеді» психикалық дамуында тежелісі бар бастауыш сынып оқушыларына арналған түзету-дамыту бағдарламасы. – Павлодар облысы, Ертіс ауданы «№ 4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі» КММ, 2025 жыл – 42 б.

Авторлық бағдарламада психикалық дамуында тежелісі (ПДТ) бар балаларға арналған түзету-дамыту бағыты бойынша жаттығулар мен тапсырмалар жоспарлары берілген.

Бұл бағдарлама арнайы және инклюзивті сыныптарда, түзету кабинеттерінде, мектеп және мектепке дейінгі ұйымдарда психологтар мен дефектологтар жұмысына арналған.

© Тукбергенова Б.В

© Павлодар облысы, Ертіс ауданы,
«№ 4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі» КММ, 2025 жыл.

ТҮСІНІК ХАТ

Қазіргі таңда психикалық дамуы тежелісі бар (ПДТ) балалардың саны жыл сайын артып келеді. Мұндай балалардың танымдық процестері (зейін, есте сақтау, қабылдау, ойлау), сөйлеу қабілеттері, ұсақ және ірі моторикасы, эмоционалдық-ерік саласы жеткіліксіз қарқынмен дамып отырады. Соның нәтижесінде оқу дағдыларын меңгеру қиындап, бала өз әлеуетін толық жүзеге асыра алмайды.

Осыған байланысты ПДТ бар балаларға жүйелі, мақсатты, жас ерекшелігіне сай **түзету және дамыту бағдарламасын** ұйымдастыру – мектеп психологы мен арнайы педагогтың негізгі міндеттерінің бірі.

Бағдарламаның мақсаты-ПДТ бар балалардың танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік дағдыларын дамыту арқылы адаптациясын жеңілдету, оқу әрекетіне қызығушылығын арттыру және өзіндік тиімділігін («менің қолымнан келеді» сенімі) қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Танымдық процестерді дамыту: зейіннің тұрақтылығы мен көлемін арттыру, қабылдауды нақтылау, ойлау операцияларын (салыстыру, талдау, жалпылау) қалыптастыру, есте сақтау қабілетін дамыту.

Сөйлеу және коммуникативтік дағдыларды жетілдіру: сөздік қорды кеңейту, байланыстырып сөйлеуді дамыту, өз ойын түсінікті жеткізуге үйрету.

Ұсақ және ірі моториканы дамыту: қолдың қимыл үйлесімділігін жақсарту, жазуға дайындық дағдыларын дамыту.

Эмоционалдық-ерік саласын қалыптастыру: эмоцияларды тану, реттеу, өзін-өзі бағалауды көтеру, жетістікке жетуге мотивация беру.

Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру: топта жұмыс істей алу, ережені сақтау, өз әрекетін жоспарлау және аяқтау.

Бағдарламаның көлемі: бағдарлама оқу жылы бойынша 18 сабаққа есептелген.

Жұмыс түрі: 2 аптада 1 рет – жеке жұмыс. (қажетіне қарай топтық жұмыста да қолдануға болады)

Жеке жұмыстың жүргізілу уақыты: Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтың ұзақтығы 40-45 минут мөлшерінде белгіленуі керек.

ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР МЕН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Жүргізушіге қойылатын талаптар

- Психология, дефектология немесе арнайы педагогика бойынша кәсіби білімі болуы.
- ПДТ бар балалардың даму ерекшеліктерін білуі.
- Түзету–дамыту әдістерін (ойын, арт-терапия, моторика, нейропсихологиялық жаттығулар) меңгеруі.
- Жеке және топпен жұмыс ұйымдастыра алуы.
- Баламен мейірімді, шыдамды, этикалық қатынас орната алуы.
- Қауіпсіз, қолайлы, тыныш жұмыс ортасын жасай алуы.
- Ата-анамен және педагогтармен кәсіби байланыс жүргізе алуы.
- Құжаттарды дұрыс толтырып, баланың даму динамикасын бақылауы

Күтілетін нәтижесі.

Бағдарлама соңында балада:

- зейіннің шоғырлануы артып, танымдық қабілеттері жақсарады;
- сөздік қоры мен сөйлеу белсенділігі көбейеді;
- моторикасы дамып, жазу дағдыларына дайындық қалыптасады;
- эмоцияларды реттеу қабілеті жоғарылайды;
- өзіне деген сенімі артады;
- топпен өзара әрекет жасауда белсенділік көрсетеді;
- «Менің қолымнан бәрі келеді» ұстанымы қалыптасады.

ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Сабақ тақырыбы	Сабақ мақсаты	Уақыты
I БӨЛІМ. Танымдық процестерді дамыту – 8 сабақ			
1	Зейін түрлерімен танысу	Зейін ұғымын түсіндіру, қарапайым тапсырмалар орындау	1
2	Зейінді шоғырландыру жаттығулары	Нысанға назарды тұрақтандыру	1
3	Зейіннің тұрақтылығын дамыту	Ұзақ назар ұстау дағдысын қалыптастыру	1
4	Сөздік нұсқау негізінде зейінді дамыту	Тілдік нұсқауды орындау дағдысын дамыту	1
5	Екі әрекетті бір уақытта орындау	Аралас тапсырмалар арқылы зейінді бөлу	1
6	Артықты табу	Анализ және визуалды дифференциация	1
7	Қозғалыс арқылы зейінді дамыту	Динамикалық ойындар	1
8	Қорытынды бақылау сабағы	Зейіннің даму деңгейін тексеру	1
II БӨЛІМ. Эмоционалдық-әлеуметтік даму – 5 сабақ			
9	Эмоцияларды тану	Негізгі эмоцияларды ажырату, вербализация	1
10	Эмоцияларды реттеу	Қарқынды эмоцияларды басқаруды үйрету	1
11	Топтық әрекет	Топта жұмыс істей алу, әлеуметтік дағдылар	1
12	Коммуникация дағдылары	Өз ойын жеткізу, тыңдауды дамыту	1
13	Өзін-өзі бағалау және мотивация	«Менің қолымнан бәрі келеді» сенімін қалыптастыру	1
III БӨЛІМ. Моторика және сенсорлық даму – 5 сабақ			
14	Ұсақ моторика	Қол бұлшықеттерін, көз-қол үйлесімділігін дамыту	1
15	Ірі моторика және қимыл үйлесімділігі	Денені басқару, үйлесімді қимыл	1
16	Сенсорлық интеграция	Тактильді сезімді дамыту, релаксация	1
17	Көз-қол координациясы	Зеректілік, дәлдік дағдыларын жетілдіру	1
18	Қорытынды сабақ. «Менің жетістігім»	Бағалау, кері байланыс, өзін-өзі бағалау	1
БАРЛЫҒЫ: 18 САҒАТ			

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫ



1 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Зейін түрлерімен танысу

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Танымдық процестерді дамыту		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Зейін түрлерімен танысу		
Сабақтың мақсаты		Зейін ұғымын түсіндіру, қарапайым тапсырмалар орындау		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі/ Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Мотивациялық - қозғаушылық 2 мин.	- Сәлемдесу.Сенің атың кім? - Менің атым..... - Жазғы демалысың жақсы өтті ме? - Қанша ай демалыста болдың? - Жазда ауарайы қандай болды? - Демалыста не істедің? - Демалыс аяқталды, енді біз не істейміз? - Дұрыс айтасың, мектепке келіп, сабақ оқимыз. - Бүгін қандай күн?	Сәлемдесу Күнделікті сөздерге жауап беру	«Смайлик» әдісі 	Сұрақ жауап Күнделікті сөз планшеті
Ізденуші- ұйымдастырушылық кезеңі	«Зейін деген не?» ұғымын түсіндіру - Ойын: «Қол көтер, егер...» (мысалы: қызыл доп көрдің бе?) 1. Қарапайым визуалды зейін жаттығулары: - «Артық затты тап» (3–4 сурет) 2. Динамикалық зейін жаттығулары: - «Қол–аяқ командалары» (қимылмен орындау)	- Сөздерді тыңдап, қол көтеру арқылы жауап беру Суреттен артық затты табу - Командаларды орындау - Дыбыстарды ажырата білу	Белсенділік , дұрыс жауап Нәтижелер жазылады, бақылау	Суреттер, музыкалық аспаптар, карточкалар, таймер

	3. Есту зейінін дамыту: - Қарапайым дыбыстарға назар аудару (сылдырмақ, барабан, дудка) 			
Сергіту сәті:	Орнымыздан тұрайық, Алақанда соғайық, Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Орнымызды табайық.	Мұғаліммен бірге сергіту сәтін жасау		
Рефлексивті коррекциялаушы кезеңі	Қорыту. -Біз бүгін не істедік? -Біз бүгін _____Мақтау, мадақтау.	Жұмысты мадақтау, мақтау, қол шапалақтау		<u>Динамикасы</u>

Күтілетін нәтиже:

- Зейін ұғымын түсінеді.
- Қарапайым визуалды және аудио сигналдарға назар аудара алады
- Визуалды және аудио зейінін қолдана алады
- Қарапайым тапсырмаларды орындау арқылы назарын шоғырландырады



2 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Зейіннің тұрақтылығын дамыту

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Танымдық процестерді дамыту		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Зейіннің тұрақтылығын дамыту		
Сабақтың мақсаты		Нысанға назарды тұрақтандыру		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі/ Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Мотивациялық - қозғаушылық 2 мин.	- Сәлемдесу.Сенің атың кім? - Менің атым..... - Жазғы демалысың жақсы өтті ме? - Қанша ай демалыста болдың? - Жазда ауарайы қандай болды? - Демалыста не істедің? - Демалыс аяқталды, енді біз не істейміз? - Дұрыс айтасың, мектепке келіп, сабақ оқимыз. - Бүгін қандай күн?	Сәлемдесу Күнделікті сөздерге жауап беру	«Смайлик» әдісі 	Сұрақ жауап Күнделікті сөз планшеті
Ізденуші- ұйымдастыруш ылық кезеңі	«Зейін деген не?» ұғымын түсіндіру - Ойын: «Қол көтер, егер...» (мысалы: қызыл доп көрдің бе?) 1. Қарапайым визуалды зейін жаттығулары: -«Артық затты тап» (3–4 сурет) 2. Динамикалық зейін жаттығулары: -«Қол–аяқ командалары» (қимылмен орындау) 3. Есту зейінін дамыту: -Қарапайым дыбыстарға	- Сөздерді тыңдап, қол көтеру арқылы жауап беру Суреттен артық затты табу - Командаларды орындау - Дыбыстарды ажырата білу	Белсенділік дұрыс жауап Нәтижелер жазылады, бақылау	Суреттер, музыкалық аспаптар, карточкалар, таймер

	назар аудару (сылдырмақ, барабан, дудка)			
Сергіту сәті:	Орнымыздан тұрайық, Алақанда соғайық, Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Орнымызды табайық.	Мұғаліммен бірге сергіту сәтін жасау		
Рефлексивті коррекциялаушы кезеңі	Қорыту. -Біз бүгін не істедік? -Біз бүгін мақтау, мадақтау.	Жұмысты мадақтау, мақтау, қол шапалақтау		<u>Динамикасы</u>

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушы қарапайым нысандарға назарын тұрақтандырып, қысқа уақыт ішінде зейінін бір тапсырмаға шоғырландыра алады.
2. Визуалды, есту және қимылдық зейінге арналған жаттығуларды нұсқаулық бойынша дұрыс орындайды және артық затты, дыбысты ажырата алады.
3. Командаларды уақытында орындап, тапсырмаларды орындау барысында белсенділік танытады және өз жұмысын бағалай алады (смайлик арқылы).



3 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Зейінді шоғырландыру жаттығулары

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Танымдық процестерді дамыту		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Зейінді шоғырландыру жаттығулары		
Сабақтың мақсаты		Ұзақ назар ұстау дағдысын қалыптастыру		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі/ Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Мотивациялық - қозғаушылық 2 мин.	- Сәлемдесу. – «Көңіл күй смайлигі» әдісі. – Сабақ мақсатын айту: зейінді ұзақ ұстауды үйренеміз.	Көңіл күй смайлигін тандайды, сұрақтарға жауап береді	«Көңіл күй смайлик» әдісі 	Көңіл күй смайликтері
Негізгі кезең (15–20 мин.)	1-жаттығу: «Нүктеге назарды ұста» (1–2 мин) – Нүктені көрсетіп: «60 секунд тоқтамай қараймыз». 2-жаттығу: «Артықты тап» (45–60 сек) – 3–4 сурет көрсетіледі. 	– Нүктеге назар аударады. – Артық затты табады. -Командаларды ретімен орындайды. – Дыбыстарды ажыратып, тиісті қимылды орындайды.	Дұрыс жауап, белсенділік ауызша мадақтау.	Нүкте карточкасы, таймер, «артықты тап» суреттері, командалық символдар, музыкалық аспап дыбыстары Музыка

	3-жаттығу: «Ұзақ тізбекті орында» – Командалар: 1 – шапалақ, 2 – қол көтеру, 3 – бір айналу. – «1–3–2–1» сияқты тізбектер айту. 4-жаттығу: Есту зейіні – Музыкалық дыбыстарға сәйкес әрекет: қоңырау – қол көтеру, барабан – шапалақ, сылдырмақ – секіру.		Қол шапалақтау арқылы қолдау.	
Сергіту сәті:	«Созыл-иіл-айнал» қимылды сергіту жаттығуы.	Смайлик немесе түсті карточка таңдау.	Өзін-өзі бағалау.	
Рефлексивті коррекция лаушы кезеңі	– «Қай жаттығу қиын болды?» – «Қайсысы ұнады?» – Өзін-өзі бағалау: жасыл – жақсы, сары – орташа, қызыл – қиын. Әр оқушы бойынша қысқа бақылау: назар ұстау уақыты, қателер саны.		Жеке бақылау парағы	Бақылау парағы

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушы назарын нысанға үзбей 1–2 минут ұстай алады.
2. Нұсқаулықтарды ретімен орындайды және шатастырмай қабылдайды.
3. Есту, визуалды және қимылдық зейін тұрақтылығы артады.



4 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Сөздік нұсқау негізінде зейінді дамыту

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Танымдық процестерді дамыту		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Сөздік нұсқау негізінде зейінді дамыту		
Сабақтың мақсаты		Ұзақ назар ұстау дағдысын қалыптастыру		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі/ Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі 3 мин.	- Амандасу, көңіл-күй шеңберін ұйымдастыру. - «Құлақпен тыңда, жүрекпен сез» әдісі: қысқа ырғақты қол соғу, оқушылар қайталайды.	- Қол соғуды тыңдап, қайталайды.	Көрнекілік: көңіл-күй смайликтер 	Көрнекілік: көңіл-күй смайликтер
Қызығушылықты ояту 5 мин Жаңа тақырып 7 мин	«Шуылы жоқ тыңдау» ойыны. Мұғалім 5 сөз айтады (мыс: алма, үй, қоян, кесе, жұлдыз) — оқушылар тек соңғы сөзді айтуы керек. «Нұсқауды тап және орында» түсіндіру: - Нұсқауды толық тыңдау - Тек бір рет айту - Дәл орындау	Соңғы сөзді еске сақтап, айтады. Тыңдайды, түсінеді.	Дұрыс жауап, белсенділік ауызша мадақтау.	Суретті карточкалар Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы пішіндегі карточкалар
Негізгі бөлім 20 мин	1-жаттығу: «Тізбекті нұсқау» (қиындық деңгейі өседі) 1 деңгей: «Қызыл дөңгелекті көтер» 2 деңгей: «Көк үшбұрышты көтер де, жасыл шаршыны үстелге қой» 3 деңгей: «Сары дөңгелекті табындар, қолдарыңмен шеңбер салындар және оны орнына қойындар»	Нұсқауларды тыңдап, реттілікпен орындайды.		Қызыл/көк/сары карточкалар Қарындаш, дәптер

	2-жаттығу: «Жасырын сөзді орында» Мұғалім сөйлем айтады, тек нұсқау енгізілген сөзді орындау керек. Мыс: «Егер <i>секір</i> десем, бір рет секір. Егер <i>қол шапалақта</i> десем, бір рет шапалақта». 3-жаттығу: «3 қадам нұсқау»» «Орнынан тұр → терезеге қара → 1 рет қол бұлға» «Қызыл қарындашты ал → дәптердің жанына қой → өз атыңды жаз»		Қол шапалақтау арқылы қолдау.	
Сергіту сәті: 3 мин	«Бастық – қол астындағы жұмысшы» ойыны. Мұғалім баспен, қолмен, аяқпен қимыл жасайды, оқушылар тек біреуін ғана қайталайды (мысалы, тек қол қимылы).	Қозғалыс жасайды, зейінін шоғырландырады.	музыка.	музыка
Қорытынды 5 мин	«Нұсқауды кім дұрыс орындады?» қысқа талдау. - 3 сұрақ: 1) Қай тапсырма қиын болды? 2) Нұсқауды қалай есте сақтадың? 3) Қандай жаңа дағды үйрендің?	Жауап береді, пікір айтады.	-	-


Күтілетін нәтиже:

- Оқушы сөздік нұсқауды тыңдап, оны дәл және ретімен орындай алады.
- 2–3 қадамды тілдік нұсқауды есте сақтап, шатастырмай орындайды.
- Зейінін 3–5 минут тұрақты ұстай алады.
- Есту арқылы қабылдау мен орындау дағдысы дамиды.
- Жүппен және топпен жұмыс кезінде тыңдай білу мәдениетін көрсетеді.



5 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Екі әрекетті бір уақытта орындау

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Танымдық процестерді дамыту		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Екі әрекетті бір уақытта орындау		
Сабақтың мақсаты		Ауызша және визуалды нұсқауларды бір уақытта орындау қабілетін қалыптастыру.		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі/ Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі 3 мин.	– Амандасу. – «Көңіл-күй смайлигі» таңдату. – «Құлақпен тыңда, жүрекпен сез» әдісі: ырғақты қол соғу → оқушы дәл көшіріп қайталайды.	Көңіл күй таңдайды, ырғақты тыңдап, қайталайды.	Ауызша мадақтау	Көрнекілік: көңіл-күй смайликтер 
Қызығушылықты ояту 5 мин Жаңа тақырып 7 мин Негізгі бөлім 20 мин	«Қай қолың бос?» шағын ойыны: Психолог бір қолмен қимыл жасайды, екінші қолымен басқа қимыл жасайды. (Мысалы: оң қолымен шеңбер сызу, сол қолымен үстелді түрту). Түсіндіру: – Бүгін екі әрекетті қатар орындауды үйренеміз. – Мысалдар көрсету: «1) Оң қол – шапалақ, сол қол – тық-тық». – Екі әрекет жасау кезінде зейіннің бөлінуі қажет екенін айту. 1-жаттығу: «Екі қимылды қатар орында»	Екі әрекетті бір уақытта бақылап, орындауға дайындалады. Тыңдайды, әрекетті байқап көреді. – Екі әрекетті қатар	Қолдау, мадақтау Ауызша кері байланыс	Қарапайым қимыл үлгілері  Қимыл үлгілері 

	– Нұсқау: «Оң қолмен шеңбер сыз → сол қолмен үстелді тұрт». – Күрделендіру: «Оң қол – шапалақ, сол қол – тық-тық». 3 деңгей: «Сары дөңгелекті табындар, қолдарыңмен шеңбер салындар және оны орнына қойындар» 2-жаттығу: «Айтылғанды орында, көрінгенді емес» (визуалды-вербалды тежелу) – Психолог қол қимылын көрсетеді, бірақ басқа нұсқауды айтады. Мыс: Қолын көтереді, бірақ айтады: «Қолды түсір!» 3-жаттығу: «Екі арна: тыңдау + қимыл» – Музыка ойнайды. – Музыка тез болса – шапалақтау, баяу болса – қолды жай тербетіп тұру. – Қиындату: Музыкаға қоса, психолог түспен нұсқау береді («қызыл» десе – оң қолға тоқтау, «көк» десе – сол қолға тоқтау).	орындауға тырысады. – Көрсетілген қимылды емес, айтылған нұсқауды орындайды. – Музыка + нұсқауды бірге бақылайды..	Дұрыс орындау, шапалақтау арқылы қолдау, ауызша мадақтау	Музыка, түсті карточкалар (қызыл, көк), үстел
Сергіту сәті: 3 мин	«Екі түрлі қимыл биі» – Қолдарымен бір қимыл, аяқпен басқа қимыл жасау.	Би қозғалыстарын жасайды, зейінін шоғырландырады..	Музыка қолдану	музыка
Рефлексия (5 мин)	«Қайсы жаттығу оңай болды? Қайсысы қиын?» – «Бүгін екі әрекетті бір уақытта орындай алдың ба?» – Өзін-өзі бағалау: жасыл – жақсы, сары – орташа, қызыл – қиын.	Смайлик таңдайды, жауап береді.	Жеке бақылау парағы	Бақылау парағы, смайликтер

Күтілетін нәтиже

- Оқушы екі әрекетті бір уақытта орындай алады (тыңдау + қимыл).
- Вербалды және визуалды нұсқауды шатастырмай орындайды.
- Зейінін бөліп, бір уақытта бірнеше ақпарат көзін бақылау дағдысы дамиды.



6 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Артықты табу

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Танымдық процестерді дамыту		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Артықты табу		
Сабақтың мақсаты		Визуалды айырмашылықтарды ажырата білу дағдысын дамыту.Зейінді шоғырландыру және анализ жасау қабілетін қалыптастыру.		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі/ Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі 3 мин.	- Амандасу, көңіл-күй смайликтерін таңдату. – «Құлақпен тыңда, көзбен қара» әдісі: қысқа визуалды нұсқаулар, қол қимылдарын қайталау.	Смайлик таңдайды, қимылды қайталайды.	Ауызша мадақтау	Көрнекілік: көңіл-күй смайликтер 
Қызығушылықты ояту 5 мин	– «Кім көрді?» ойыны: сурет көрсету, бір объектіні жасыру, оқушылар көргенін айту.	Суретке назар аударады, жасыру мен көргенді айтады.	Белсенділік , дұрыс айту	Сурет карточкалары
Жаңа тақырып 7 мин	– «Артықты тап» ойынының ережесін түсіндіру. – Мысал көрсету: 4 зат көрсетіледі, біреуі артық.	Түсінеді, ережеге назар аударады.	Ауызша кері байланыс	4–5 суреттен тұратын карточкалар 

Негізгі бөлім 20 мин	1-жаттығу: «Сурет қатарынан артықты тап» – 3–4 заттың ішінде түс, форма немесе мөлшер бойынша артықты айқындау. Күрделендіру: «Оң қол – шапалақ, сол қол – тық-тық». 2-жаттығу: «Жасырын артық» – Бір затты бөліп көрсету, қалғанын атау, артықты табу. 3-жаттығу: «Тапсырма тізбегі» – Артықты тап → оны сызып көрсет → дұрыс жауапты ата.	Артықты табады, сызып көрсетеді, ауызша жауап береді. Айтылған нұсқауды орындайды.	Дұрыс орындау, шапалақтау арқылы қолдау, ауызша мадақтау	Сурет карточкалар, фломастер, сызғыш  
Сергіту сәті: 3 мин	«Қимыл мен қарау» жаттығуы: көзді ашып – қол қимылы, көзді жұмып – басқа қимыл.	Қимылды орындайды, зейінін шоғырландырады.	Белсенділік	музыка
Рефлексия (5 мин)	– «Қай суретте артықты табу оңай болды?» – «Қандай айырмашылықтар ең қиын көрінді?»	Пікір білдіреді, өзін бағалайды.	Өзін-өзі бағалау (смайлик)	Смайлик карталар, бақылау парағы


Күтілетін нәтиже

- Оқушы суреттерді немесе заттарды қарап, артық элементті дәл анықтай алады.
- Визуалды айырмашылықтарды салыстыра отырып, талдау жасай алады.
- Зейінін белгілі бір уақытқа шоғырландыра алады.
- Нұсқауларды орындау кезінде дұрыс шешім қабылдау дағдысы дамиды.



7 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Қозғалыс арқылы зейінді дамыту

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Танымдық процестерді дамыту		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Қозғалыс арқылы зейінді дамыту		
Сабақтың мақсаты		Оқушылардың зейінін қозғалыс арқылы дамыту. Динамикалық ойындар арқылы назарды шоғырландыру дағдысын қалыптастыру.		
Сабақ кезеңі / Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	– Амандасу, көңіл-күй смайликтерін таңдату. – «Қолды, аяқ пен басды қозғалт» әдісі арқылы жеңіл қимыл жасау.	Қимылды қайталайды, көңіл-күйін білдіреді.	Ауызша мадақтау	Көңіл-күй смайликтері 
Қызығушылықты ояту (5 мин)	– «Қозғалыс шеңбері» ойыны: психолог қимыл көрсетеді, оқушылар қайталайды.	Қимылды дәл қайталайды, назарын шоғырландырады.	Белсенділік дұрыс орындау	Ашық алаң, сызғыш белгілер
Жаңа тақырып (7 мин)	– Динамикалық ойындарды түсіндіру: 1) «Жол бойы шапалақ» 2) «Қызыл – тоқтау, жасыл – жүру» 3) «Қимыл мен тапсырма»	Тыңдайды, ережені түсінеді.	Ауызша кері байланыс	Түсті карточкалар, музыка
Негізгі бөлім (20 мин)	1-ойын: «Жоғары – төмен» – Музыка ойнайды, тез болса секіру, баяу болса еңкейу. 2-ойын: «Шапалақ + қадам» – Оң қолмен шапалақ, сол қолмен бір қадам алға. – Күрделендіру: екі	– Қимылды дұрыс орындайды. – Музыка мен нұсқауды бірге бақылайды. – Зейінін бөлуге тырысады.	Дұрыс орындау, белсенділік ауызша мадақтау, қол шапалақтау	Музыка, түсті карточкалар, ашық алаң

	әрекетті бір уақытта орындау. 3-ойын: «Түсті тапсырма» – Қызыл карточка – шапалақ, көк – аяқпен соғу, жасыл – қолды жоғары көтеру			
Сергіту сәті (3 мин)	«Қимыл мен демалу» жаттығуы: бір минут секіру → бір минут тынығу.	Қимыл мен демалу циклін орындайды, назарын сақтайды.	Белсенділік , ауызша мадақтау	Музыка
Рефлексия (5 мин)	– «Қай ойын ең қызықты болды?» – «Қайсысы қиын болды?» – Өзін-өзі бағалау: жасыл – жақсы, сары – орташа, қызыл – қиын	Смайлик таңдайды, пікірін айтады.	Өзін-өзі бағалау	Смайлик карталар, бақылау парағы

Күтілетін нәтиже

- Оқушылар динамикалық ойындар арқылы зейінін шоғырландыра алады.
- Қарапайым және күрделі қимылдарды бір уақытта орындау дағдылары дамиды.
- Музыка мен визуалды нұсқауларға сәйкес әрекет жасауға қабілетті болады.
- Өз әрекеттерін бақылап, өзін-өзі бағалай алады.



8 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Қорытынды бақылау сабағы

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Танымдық процестерді дамыту		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Қорытынды бақылау сабағы		
Сабақтың мақсаты		Оқушылардың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін бағалау. Зейін, есте сақтау, ойлау, визуалды және вербалды қабылдау қабілеттерін тексеру.		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі / Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс- әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	– Амандасу, сабақ мақсатын түсіндіру. – Оқушыларға бақылау сабағы екенін хабарлау.	Тындайды, сабақ мақсатын түсінеді.	Ауызша мадақтау	
Қызығушылы қты ояту (5 мин)	– «Жылдам назар» жаттығуы: қарапайым визуалды тапсырмалар, қысқа нұсқаулар беру.	Тапсырманы орындайды, зейінін шоғырландырады.	Белсенділік	Сурет карточкалар, таймер
Негізгі бөлім – Бақылау тапсырмалары (30 мин)	1-топ: Зейін және назар – «Артықты тап», «Нүктеге назар» сияқты визуалды тапсырмалар. 2-топ: Есте сақтау – сөз тізбегін есте сақтау, қарапайым есептер. 3-топ: Ойлау қабілеті – салыстыру, ұқсастық пен айырмашылықты табу.	Тапсырмаларды орындайды. – Жауап береді.	Жеке бақылау парағы бойынша бағалау	Сурет карточкалар, дәптер, фломастер, таймер
Сергіту сәті (3 мин)	– Қысқа қимылдар, көзді демалу жаттығулары.	Қимылды жасайды, зейінін сақтайды.	Белсенділік	Ашық алаң
Рефлексия және қорытынды (4 мин)	– «Қандай тапсырмалар оңай болды? Қайсысы қиын?» – Қысқа кері байланыс жинау	Пікірін айтады	Ауызша бағалау	Смайлик карточкалар



9 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Эмоцияларды тану

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Эмоционалдық–әлеуметтік даму		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Эмоцияларды тану		
Сабақтың мақсаты		Негізгі эмоцияларды (қуаныш, қайғы, қорқыныш, ашу, танданыс) ажырату.Эмоцияны вербализациялау (сөзбен білдіру) дағдысын қалыптастыру.		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі / Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс- әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	– Амандасу. – «Көңіл-күй смайликтерін таңдау» әдісі: әр оқушы өз көңіл-күйін таңдайды.	Көңіл-күйін таңдайды, себеп айтады.	Ауызша мадақтау	Көңіл-күй смайликтері 
Қызығушылықты ояту (5 мин)	– «Эмоция шеңбері» ойыны: психолог әртүрлі эмоцияларды мимика арқылы көрсетеді.	Эмоцияны мимика арқылы таниды, атайды.	Белсенділік дұрыс жауап	Эмоция карточкалар, бейне/сурет үлгілері
Жаңа тақырып (7 мин)	– Негізгі эмоцияларды түсіндіру: қуаныш, қайғы, қорқыныш, ашу, танданыс. – Әр эмоцияны мимика және сөзбен көрсету. 	Тыңдайды, мимика арқылы қайталайды.	Ауызша кері байланыс	Эмоция карточкалар, бейне/сурет үлгілері
Негізгі бөлім (20 мин)	1-жаттығу: «Эмоцияны тап» – Сурет көрсетіледі, оқушы эмоцияны атайды.	– Суреттегі эмоцияны табады,	Дұрыс жауап, белсенділік	Эмоция карточкалар, кішкене

	2-жаттығу: «Эмоцияны бейнеле» – Психолог сөзбен эмоция атайды, оқушы мимика арқылы көрсетеді. 3-жаттығу: «Сезімдерді сөзбен білдіру» – Оқушыларға қысқа сценарий немесе жағдай беріледі, сезімін сипаттайды.	атайды. – Мимика арқылы эмоцияны көрсетеді. – Сценарий бойынша сезімін сөзбен сипаттайды.	ауызша мадақтау, қол шапалақтау	сценарий карталары, фломастер
Сергіту сәті (3 мин)	«Эмоция қимылы» – әр эмоцияға сәйкес қысқа қимыл жасау: секіру (қуаныш), еңкею (қайғы), қолды жоғары көтеру (таңданыс).	Қимылды орындайды, эмоцияны қайталайды.	Белсенділік	Музыка, ашық алаң
Рефлексия (5 мин)	– «Қай эмоцияны тану оңай болды?» – «Қай эмоцияны білдіру қиын болды?» – Өзін-өзі бағалау: жасыл – жақсы, сары – орташа, қызыл – қиын.	Смайлик таңдайды, пікірін айтады	Өзін-өзі бағалау	Смайлик карталар, бақылау парағы

Күтілетін нәтиже

- Оқушылар негізгі эмоцияларды (қуаныш, қайғы, қорқыныш, ашу, таңданыс) ажырата алады.
- Эмоцияны мимика және сөз арқылы дәл көрсетеді.
- Қысқа сценарий бойынша сезімдерін вербализациялай алады.
- Өз сезімдерін бақылап, басқалардың эмоциясын түсіне алады.



10 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Эмоцияларды реттеу

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Эмоционалдық–әлеуметтік даму		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Эмоцияларды реттеу		
Сабақтың мақсаты		Қарқынды эмоцияларды тану және басқару дағдысын дамыту. Стресстік жағдайларда эмоционалды реакцияны реттеуге үйрету.		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі / Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс- әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	– Амандасу. – «Көңіл-күй смайликтерін таңдау» әдісі: оқушылар бүгінгі көңіл-күйін көрсетеді.	Көңіл-күйін таңдайды, қысқаша түсіндіреді.	Ауызша мадақтау	Көңіл-күй смайликтері
Қызығушылықты ояту (5 мин)	– «Эмоциялық дауыл» ойыны: психолог қарқынды эмоцияны мимика және дауыс арқылы көрсетеді.	Эмоцияны таниды, қайталайды.	Белсенділік , дұрыс жауап	Эмоция карточкалар, бейне/сурет үлгілері
Жаңа тақырып (7 мин)	– Қарқынды эмоцияларды (ашу, қорқыныш, қобалжу) басқару жолдарын түсіндіру: • Терең тыныс алу • Қимыл арқылы эмоцияны босату • Сөзбен эмоцияны сипаттау	Тыңдайды, мысалдарды қайталап көреді	Ауызша кері байланыс	Эмоция карточкалар, демалу жаттығулар
Негізгі бөлім (20 мин)	1-жаттығу: «Тыныс алу жаттығулары» – қатты эмоция кезінде дем алу мен шығару арқылы сабырлану. 2-жаттығу: «Қимыл арқылы босату» – ашуды шапалақпен немесе секіру арқылы шығару. 3-жаттығу: «Сценарий бойынша эмоцияны басқару» – қысқа әңгіме	– Тыныс алу жаттығуларын орындайды. – Қимыл арқылы эмоцияны босатады. – Сценарийде эмоцияны басқарады. – Қателерін түзетіп, дұрыс	Дұрыс орындау, белсенділік ауызша мадақтау, қол шапалақтау	Музыка, смайлик карточкалар, сценарий карталары, ашық алаң

	беріледі, оқушы өз сезімін сипаттайды, эмоцияны реттеу жолын қолданады. 4-жаттығу: «Түзету» – эмоцияны басқара алмай қалған сәттерді ойнай отырып, дұрыс реакцияны көрсету.	әрекет жасайды.		
Сергіту сәті (3 мин)	– «Эмоциямен қозғалу»: әр эмоцияға сәйкес қозғалыс жасау	Қимылды орындайды, эмоцияны реттеуге назар аударады	Белсенділік	Музыка, ашық алаң
Рефлексия (5 мин)	– «Қай жаттығу оңай болды? Қайсысы қиын?» – «Эмоцияны басқаруда не үйрендің?» – Өзін-өзі бағалау: жасыл – жақсы, сары – орташа, қызыл – қиын	Смайлик таңдайды, пікірін айтады	Өзін-өзі бағалау	Смайлик карталар, бақылау парағы

Күтілетін нәтиже

- Оқушы қарқынды эмоцияларын тануды және түсінуді үйренеді.
- Эмоциясын мимика және сөз арқылы дәл көрсете алады.
- Қиын эмоциялық жағдайларда өзін-өзі бақылап, сабырлы әрекет жасай алады.
- Эмоцияны түзету және басқару дағдылары дамиды.



11 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Топтық әрекет

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Эмоционалдық–әлеуметтік даму		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Топтық әрекет		
Сабақтың мақсаты		Топта жұмыс істей алу, әлеуметтік дағдылар		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі / Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс- әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	– Амандасу. – «Сәлемдесу шеңбері»: әр оқушы өз атын айтып, бір қимыл қосады, басқалары қайталайды.	Қимылды және атын қайталайды, көңіл-күйін білдіреді.	Белсенділік қатысу	Ашық алаң, сызғыш немесе белгі
Қызығушылықты ояту (5 мин)	– «Менің күшім» ойыны: әр оқушы өз ерекшелігін немесе мықты қасиетін айтып, қол соғады.	Өз ерекшелігін айтады, топпен байланысады.	Белсенділік ауызша мадақтау	Смайлик карточкалар 
Жаңа тақырып (7 мин)	– Топтық жұмыс ережесін түсіндіру: • Бір-бірін тыңдау • Бірлікпен шешім қабылдау • Әркімнің рөлі маңызды	Тыңдайды, сұрақ қояды	Ауызша кері байланыс	Сызбалар, плакат
Негізгі бөлім (20 мин)	1-жаттығу: «Құрылысшылар» – Топқа Lego немесе блок беріледі. Бірге бір зат жасау, рөлдерді бөлу.	– Топпен бірге жұмыс істейді. – Бір-бірін тыңдайды, рөлдерін орындайды. – Ортақ шешім қабылдайды.	ынтымақтастық, ауызша мадақтау, қол шапалақтау	Lego/блоктар, сценарий карталары, сызғыштар

	2-жаттығу: «Топтық шешім» – Сценарий беріледі (мысалы, «Біз мектепке саяхатқа барамыз»). Топ келісіп, жоспар жасайды. 3-жаттығу: «Топ ішінде сенім» – Бір-біріне қолдау көрсету: біреу көзін жұмып жүреді, топ жол көрсетеді.			
Сергіту сәті (3 мин)	– «Қимыл мен күлкі» жаттығуы: топ бірге жеңіл қимылдар жасап, күлкі арқылы энергия жинайды.	Қимыл жасайды, көңіл-күйін көтереді	Белсенді	Музыка, ашық алаң
Рефлексия (5 мин)	– «Қай жаттығу ең қызықты болды?» – «Топта жұмыс істеуде не үйрендің?» – Өзін-өзі бағалау: жасыл – жақсы, сары – орташа, қызыл – қиын.	Смайлик таңдайды, пікірін айтады	Өзін-өзі бағалау, ауызша кері байланыс	Смайлик карталар, бақылау парағы

Күтілетін нәтиже

- Оқушылар топта бірлесіп жұмыс істей алады.
- Әріптестерін тыңдай білу, өз пікірін білдіру дағдылары дамиды.
- Ортақ шешім қабылдау және рөлдерді бөліп орындау қабілеті қалыптасады.
- Топ ішінде сенім, қолдау көрсету және ынтымақтастық дағдылары жетіледі.



12 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Коммуникация дағдылары

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Эмоционалдық–әлеуметтік даму		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Коммуникация дағдылары		
Сабақтың мақсаты		Оқушылардың өз ойын айқын жеткізу дағдыларын дамыту.Тыңдау қабілетін арттыру және вербалды коммуникацияны жетілдіру		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі / Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс- әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	– Амандасу. – «Қол алысып сәлемдесу» әдісі: әр оқушы қысқаша көңіл-күйін айтады.	Көңіл-күйін айтады, сәлемдеседі.	Белсенділік қатысу	Көңіл-күй смайликтері 
Қызығушылықты ояту (5 мин)	– «Сұрақ – жауап шеңбері» ойыны: психолог оқушыларға қарапайым сұрақтар қояды («Сені не қуантады?»), әр оқушы өз пікірін қысқаша айтады.	Сұраққа жауап береді, басқаны тыңдайды.	Белсенділік дұрыс жауап	Ашық алаң, смайлик карточкалар
Жаңа тақырып (7 мин)	– Коммуникация дағдыларының негізгі ережелерін түсіндіру: • Тыңдау • Сөзді дұрыс таңдау • Көз контактісі • Сұрақ қою	Тыңдайды, мысалдар бойынша қайталайды	Ауызша кері байланыс	Плакат, сызбалар
Негізгі бөлім (20 мин)	1-жаттығу: «Өз ойымды жеткіземін» – оқушыларға тақырып беріледі, өз ойын айтады. 2-жаттығу: «Қарсы пікірді тыңдау» – біреу ой айтқанда, қалғандары мұқият тыңдап, қысқаша қорытындылайды.	– Өз ойын айтады, басқаны тыңдайды. – Қарсы пікірді қабылдайды, сұрақтарға жауап береді. –	Белсенділік дұрыс орындау, ауызша мадақтау	Сценарий карталары, тақырып карталары, смайлик

	3-жаттығу: «Сұрақ қою және жауап беру» – әр оқушы сұрақ қояды, серіктесі жауап береді. Сұрақ қоюшы өз серіктесіне қарапайым сұрақ қояды (мысалы: «Сені не қуантады?», «Бүгінгі сабақта не ұнады?»). 4-жаттығу: «Көрерменді сендіру» – қысқа пікір айту, өз ойын аргументтеу.	Пікірін дәлелдейді. Жауап беруші сұраққа нақты және толық жауап береді, өз сезімін немесе пікірін сипаттайды. Қарсы ролді ауыстыру – енді бұрынғы жауап беруші сұрақ қояды, ал бұрынғы сұрақ қоюшы жауап береді.		
Сергіту сәті (3 мин)	– «Қимыл + сөз» ойыны: қысқа қимыл жасап, бір сөз айту	Қимылды жасайды, сөзді айтады	Белсенділік	Музыка, ашық алаң
Рефлексия (5 мин)	– «Қай тапсырма ең қиын болды? Қайсысы қызықты болды?» – Өзін-өзі бағалау: жасыл – жақсы, сары – орташа, қызыл – қиын	Смайлик таңдайды, пікірін айтады	Өзін-өзі бағалау, ауызша кері байланыс	 Бағдарлам әдісі

Күтілетін нәтиже

- Оқушылар өз ойын айқын жеткізе алады.
- Басқаларды мұқият тыңдайды.
- Сұрақ қояды және жауап береді.
- Пікірін дәлелдейді және қарсы пікірді қабылдай алады.
- Өзін-өзі бағалайды, белсенді қатысады.



13 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Өзін-өзі бағалау және мотивация

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		Эмоционалдық–әлеуметтік даму		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Өзін-өзі бағалау және мотивация		
Сабақтың мақсаты		«Менің қолымнан бәрі келеді» сенімін қалыптастыру		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі / Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс- әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	Амандасу, көңіл-күйді тексеру	Сәлемдеседі, көңіл-күйін білдіреді	Белсенділік	Көңіл-күй смайликтері
Қызығушылы қты ояту (5 мин)	«Менің күшті жақтарым» ойыны: оқушылар өз күшті жақтарын айтады	Өзін сипаттайды, басқаларды тыңдайды	Белсенділік ауызша кері байланыс	Ашық алаң, карточкалар
Жаңа тақырып (7 мин)	Өзін-өзі бағалау мен мотивацияның маңызын түсіндіру	Тыңдайды, мысалдар арқылы түсінеді	Ауызша кері байланыс	Плакат, сызбалар
Негізгі бөлім (20 мин)	1-жаттығу: «Біз бүгін өзімізге сенуді және мақсат қоюды үйренеміз». Әр оқушы өзіне қысқа мақсат қояды (мысалы, «Мен бүгін жаңа сөз үйренемін», «Сабақта белсенді боламын»).	Көздерін жұмып, өз мақсаттарын сәтті орындағанын елестетеді, бұл визуализация әдісі арқылы сенімділік қалыптасады. Әр оқушы соңғы бір айдағы немесе соңғы сабақтағы жетістігін жазып немесе айтып	әр оқушыны мадақтайд ы, топтық қолдауды қалыптаст ырады.	Тақырыптық карточкалар, стикерлер, маркерлер
	2-жаттығу: «Менің жетістіктерім» Оқушыларға стикер немесе кішкентай карточкалар беріледі.			

	3-жаттығу: «Қиындықты жеңу» «Қиындықтар әрқайсысымызға кездеседі, бірақ оны жеңуге болады». -Психолог әдістемелік сұрақтар қояды: «Сіз бұл қиындықты қалай шештіңіз?», «Келесі жолы не істейсіз?» -Қиындықты жеңу тәжірибесі топта талқыланып, позитивті тәжірибе ретінде бекітіледі.	көрсетеді. Топ ішінде жетістіктерді бөліседі: «Мен жаңа әнді жаттап алдым», «Сабақта сұраққа жауап бердім». - Оқушылар қиындықты қалай жеңгенін қысқаша сипаттайды.		
Сергіту сәті (3 мин)	Қысқа қимыл + позитивті сөз айту. Психолог қимылды көрсетеді: мысалы, қолды жоғары көтеру, иықтарды айналдыру, аяқпен орындықты жеңіл соғу т.б.	Қимылмен қатар оқушы позитивті сөз айтады: «Менің қолымнан бәрі келеді», «Мен күштімін», «Бүгін мен белсендімін».	Белсенділік	Музыка, ашық алаң
Рефлексия (5 мин)	«Мен бүгін не білдім?» ойынын жүргізу, өзін бағалау	Пікірін айтады, смайлик таңдайды	Өзін-өзі бағалау, ауызша кері байланыс	Смайлик карточкалар

Күтілетін нәтиже


- Оқушылар өзіне сенімділігін арттырады («Менің қолымнан бәрі келеді»).
- Өзіне мақсат қоя алады және оны елестете алады.
- Өткен жетістіктерін атап, бағалайды.
- Қиындықтарды жеңу жолдарын түсінеді және сипаттай алады.
- Белсенді қатысып, позитивті сөздерді қолданады.
- Өз сезімін білдіре алады және өзін-өзі бағалайды.



14 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Ұсақ моторика

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		ІІІ БӨЛІМ. Моторика және сенсорлық даму		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Ұсақ моторика		
Сабақтың мақсаты		Қол бұлшықеттерін, көз-қол үйлесімділігін дамыту		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі/ Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Мотивациялық - қозғаушылық 2 мин.	Ұйымдастыру кезеңі Оқушымен амандасу, сабаққа дайындығын бақылау. Сәлеметсің бе? Көңіл- күйің қалай? Жағымды көңіл күй тудырамыз. Орнымыздан тұрамыз,бір-бірімізге қарама-қарсы тұрып жақсы тілектер айтамыз. Заттардың түстерін ажырата білу (үлестірме суреттер) А) Оқушыға суреттерді көрсетіп, бірдей түсті заттардың арасын сызықпен сызу арқылы көрсетуін бақылау. Ә) Барлық дөңгелектерді қызыл түске, барлық үшбұрыштарды көк түске, барлық төртбұрыштарды жасыл түске бояу.	Сәлемдесу Күнделікті сөздерге жауап беру	«Смайлик» әдісі 	Сұрақ жауап Күнделікті сөз планшеті

	 «Дыбысты тыңда». Оқушы сыртында шығып жатқан дыбысты тыныштықта естуге тырысады. Мысалға: шыны үстіне тамған тамшы дыбысын, желдің уілін, құлаған қардың және күннің күркіреген дыбысын.			
Ізденуші-ұйымдастырушылық кезеңі	«Дұрыс боя». Тапсырма материал. Әрбір оқушыда түрлі түсті қалам мен квадрат сызықтарға бөлінген және үйшік бейнеленген қағаз парақтары болуы қажет. а) оқытушы балаға сол жақтағы 2-үйшікті; көк қаламмен, оң жақтағы 3-үйшікті қызылмен, көктің алдындағы үйшікті жасылмен, қызғыш түс көк пен сары түстің арасында қалатындай үйшікті сарымен, сарыдан кейін келетін үйшікті қоңырмен бояуды ұсынады. б) оқытушы жұлдызшамен белгіленген тор көзді (клетка) қара қаламмен бояуды талап етеді. Төмендегі тор көзді жасылмен, ал жоғарыдағы тор көзді сарымен бояйды. Қара мен қызылдың арасында сары тор көз қалатындай тор көзді қызылмен бояйды.	Суреттер салу		<u>Жалпы білім беретін пәндерге байланысты сөздерді тыңда – қайтала</u> <u>Сұрақ -жауап әдісі</u> <u>Суреттер сөйлейді әдісі</u> <u>«Тез ойлан, тез жауап бер» ойыны</u>

	в) екі сызықтың қиылысуында орналасқан тор көзді жасылмен, жасылдың оң жағындағысын қызылмен, сол жағындағысын сарымен, қызылдан кейін келетін тор көзді көкпен, сарыдан бұрын келетінін қарамен, жасылдың үстіндегісін көгілдір түспен бояуды ұсынады.			
Сергіту сәті:	«Менің көңіл-күйім» жаттығуы \ Алдарындағы бланкіге өз көңіл-күйлеріңді суреттеп салыңдар. Тік ұста бойынды. Жоғары сөз қолыңды. Сөз қолыңды тағыда. Жеткіз жираф мойнына. Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық.	Мұғаліммен бірге сергіту сәтін жасау		
Рефлексивті коррекциялау кезеңі	-Біз бүгін не істедік? -Біз _____ бүгін _____ Мақтау, мадақтау.	Жұмысты мадақтау, мақтау, қол шапалақтау		<u>Динамикасы</u>

Күтілетін нәтиже:

- Ұсақ моториканы дамытуға қалыптасады.
- Толықтай жауап беру қабілеттері артып, әңгіме барысында көп нәрсені түсініп, білді.
- Бір қозғалыстан екінші қозғалысқа бірқалыпты ауысып, таяқшадан заттардың контурын құрады. Заттардың орналасуын бағдарлап үйренді. Көру арқылы қабылдау қабілеті дамыды.



15 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Ірі моторика және қимыл үйлесімділігі

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		ІІІ БӨЛІМ. Моторика және сенсорлық даму		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Ірі моторика және қимыл үйлесімділігі		
Сабақтың мақсаты		Денені басқару, үйлесімді қимыл		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі / Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	Амандасу, көңіл-күйді тексеру	Сәлемдеседі, көңіл-күйін білдіреді	Белсенділік	Көңіл-күй смайликтері 
Қызығушылықты ояту (5 мин)	Қысқа ойын: «Кім жылдам?» – жеңіл қозғалыстар арқылы балаларды қозғалысқа тарту 	Қозғалады, белсенділік көрсетеді	Белсенділік	Карточкалар
Жаңа тақырып (7 мин)	Ірі моторика және қимыл үйлесімділігінің маңызын түсіндіру. Психолог айтады: «Балалар, бүгін біз денемізді дұрыс басқару және қозғалысты үйлестіру не үшін керек екенін жаттығулар арқылы түсінеміз.» 1-жаттығу: «Дененді тыңдат» Мақсаты: дене бөліктерін бөлек басқаруды сезіну. Психолог нұсқауы: – Балалар, мен қандай	Тыңдайды, мысалдар арқылы түсінеді. Тек айтылған мүшені қимылдатады.	Ауызша кері байланыс	Плакат, сызбалар, видео демо

	дене бөлігін атаймын – соны ғана қимылдатысыңдар. • Қол • Аяқ • Иық • Бас • Тек оң қол • Тек сол аяқ «Міне, бұл — ірі моторика. Біз денемізді басқара білу арқылы дұрыс жүреміз, секіреміз және қимылды шатастырмаймыз.»			
Негізгі бөлім (20 мин)	1. «Қарама-қарсы қозғалыс» – қол мен аяқ қозғалысын үйлестіру 2. «Сызық бойымен жүру» – тепе-теңдік пен үйлесімді қимылды дамыту 3. «Жылдамдық пен қозғалыс координациясы» – жеңіл жүгіру, секіру жаттығулары 4. «Қимылдардың сериясы» – қозғалыстарды дұрыс реттілікте жасау	Жаттығуларды орындайды, қозғалыстарды үйлестіреді, тепе-теңдікті сақтайды	Белсенділік, дұрыс орындау	Сценарий карталары, жолақтар, конустар, музыка
Сергіту сәті (3 мин)	Қысқа қимылдық ойын: «Қимыл + смайлик» – әр қозғалысқа эмоция қосу	Қозғалыстарды орындайды, эмоция білдіреді	Белсенділік	Музыка, ашық алаң, смайлик карточкалар
Рефлексия (5 мин)	«Қай жаттығу ең қызықты болды?» ойыны, өзін-өзі бағалау	Пікірін айтады, смайлик таңдайды	Өзін-өзі бағалау, ауызша кері байланыс	Смайлик карточкалар, ашық алаң

Күтілетін нәтиже:

- Ірі моторика дағдыларын дамытады.
- Қозғалыстарды үйлестіріп, тепе-теңдікті сақтайды.
- Қимылдардың жылдамдығы мен үйлесімділігін жетілдіреді.
- Белсенділік танытып, қозғалысқа қызығушылық білдіреді.



16 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Сенсорлық интеграция.

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		ІІІ БӨЛІМ. Моторика және сенсорлық даму		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Сенсорлық интеграция.		
Сабақтың мақсаты		Балалардың сенсорлық арналарын (көру, есту, тактильді, вестибулярлы) белсендіру		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі / Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	«Қай жануар қалай дыбыстайды?» ойынын жүргізеді. Сенсорлық есту арнасын белсендіреді.	Сәлемдеседі, өз көңіл-күйін білдіреді. Жануар дыбыстарын салады.	Белсенділік	Көңіл-күй смайликтері 
Қызығушылы қты ояту (5 мин)	Қысқа ойын: «Кім жылдам?» – жеңіл қозғалыстар (қол көтеру, секіру, бұрылу) арқылы балаларды қимылға тарту.	Қимылдарды орындайды, белсенділік танытады.	Белсенділік	Қарапайым қимыл карточкалары
Жаңа тақырып (7 мин)	Ірі моторика және қимыл үйлесімділігінің маңызын <i>жаттығу арқылы</i> түсіндіреді. Психолог айтады: «Балалар, бүгін біз денемізді басқарып, қозғалысты шатастырмай орындауды үйренеміз. Бұл – сенсорлық интеграция.» 1-жаттығу: «Денеңді тыңдат» Мақсат: дене бөліктерін бөлек басқару. Нұсқау: тек айтылған дене мүшесін қимылдату: • Қол	Тыңдайды, түсінеді. Тек аталған мүшені қимылдатады. Дене бөліктерін ажыратады.	Ауызша кері байланыс	Плакат, дене мүшелері сызбасы, қысқа видео- демо

	• Аяқ • Иық • Бас • Оң қол • Сол аяқ Психолог қорытындылайды: «Бұл – ірі моторика. Денемізді басқара білу арқылы жақсы жүреміз, секіреміз, тепе-теңдікті сақтаймыз.»			
Негізгі бөлім (20 мин)	1. «Қарама-қарсы қозғалыс» – оң қол жоғары, сол аяқ артқа; кейін керісінше. Координацияны дамыту. 2. «Сызық бойымен жүру» – лента/жолақпен жүріп, тепе-теңдікті сақтау. Күрделендіру: басына жеңіл зат қою. 3. «Жылдамдық пен координация» – баяу жүру → жүгіру → секіру. Музыка ырғағына қарай өзгерту. 4. «Қимылдардың сериясы» – 3–4 қимылды реттілікпен орындау (қол көтеру, бұрылу, секіру).	Жаттығуларды орындап, қимылдарды үйлестіреді. Кеңістікті бағдарлайды, тепе-теңдігін сақтайды.	Белсенділік және дұрыс орындау	Сценарий карталары, жолақтар, конустар, музыка
Сергіту сәті (3 мин)	«Қимыл + смайлик» ойыны: әр қимылға эмоция қосу (қуанышпен секіру, таңғалып бұрылу).	Қимылдарды орындайды, эмоция білдіреді.	Белсенділік	Музыка, смайлик карточкалары
Рефлексия (5 мин)	«Қай жаттығу саған ең қызықты болды?» Смайликпен өзін-өзі бағалау.	Өз ойын айтады, смайлик таңдайды.	Өзін-өзі бағалау	Смайлик карточкалар

Күтілетін нәтиже

- Сенсорлық арналарды (көру, есту, тактильді, қозғалыс) ажырата алады.
- Дене бөліктерін сезіну және басқару дағдылары қалыптасады.
- Қимыл үйлесімділігі мен координациясы жақсарады.
- Кеңістікті бағдарлау қабілеті артады.



17 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Көз–қол координациясы

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		ІІІ БӨЛІМ. Моторика және сенсорлық даму		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Көз–қол координациясы		
Сабақтың мақсаты		Көру мен қол қимылының бірлескен жұмысын дамыту. Кеңістікті бағдарлау және дәлдік дағдыларын қалыптастыру.		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі / Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	Амандасу, көңіл-күй сұрау. «Қай смайлик бүгінгі көңіл-күйіңді көрсетеді?»	Сәлемдеседі, смайлик таңдайды.	Белсенділік	Смайлик карточкалары 
Қызығушылы қты ояту (5 мин)	«Жоғары–төмен» ойыны. Психолог допты жоғары лақтырады, балалар көзбен бақылап, қолымен қай бағытқа түскенін көрсетеді.	Доптың қозғалысын көзбен қадағалап, бағытты көрсетеді.	Белсенділік	Доп
Жаңа тақырып (7 мин)	Психолог түсіндіреді: «Көз–қол координациясы — бұл көзбен көрген ақпаратты қолмен дәл орындау. Мысалы: жазу, сурет салу, доп ұстау.» 1-жаттығу: «Көр де орында» – Психолог қимыл көрсетеді, балалар дәл қайталайды. (Қолды айналдыру, қағазға нүкте қою, ауада сызық жүргізу.)	Тыңдайды, қимылдарды дәл орындайды.	Ауызша кері байланыс	Плакат, сызбалар

Негізгі бөлім (20 мин)	1. Жаттығу «Нысанаға дәл тигіз» — лақтыру (шар, доп). 2. «Сызық бойымен сыз» — лабиринт, жолақ бойымен жүргізу. 3. «Түйме теру» — ұсақ заттарды көзбен қарап дәл салу (дөңгелек, кубик). 4. «Қағаз қиып жапсыр» — көзбен өлшеп, сызық бойымен қию.	Заттарды дәл көздеуге тырысады, жолақ бойымен жүргізеді, лақтырады, қиып жапсырады.	Дұрыс орындау, белсенділік	Лабиринт парақтары, жапсырма, доп, түймелер, қайшы
Сергіту сәті (3 мин)	«Қол–көз биі» — музыка ырғағымен қол қимылдарын көзбен бақылап орындау.	Бимен қимылдайды, қимылды көзбен бақылайды.	Белсенділік	Музыка
Рефлексия (5 мин)	«Қай жаттығу ең қызықты болды? Қайсысы қиын болды?» Смайликпен бағалау.	Өз пікірін айтады, смайлик таңдайды.	Өзін-өзі бағалау	Смайлик карточкалары

Күтілетін нәтиже

- Көзбен көрген ақпаратты қол қимылымен сәйкестендіреді.
- Нысанаға дәл лақтыра алады.
- Жолақ бойымен сызық жүргізуді орындайды.
- Кеңістікті бағдарлау және дәлдік дағдысы дамиды.
- Ұсақ моторика мен көз–қол байланысы нығаяды.



18 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Қорытынды сабақ. «Менің жетістігім»

Білім беру ұйымының атауы				
Бөлім:		ІІІ БӨЛІМ. Моторика және сенсорлық даму		
Психологтің аты-жөні:				
Сынып:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Қорытынды сабақ. «Менің жетістігім»		
Сабақтың мақсаты		Бағалау, кері байланыс, өзін-өзі бағалау		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі / Уақыты	Психологтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	«Сезімдік қалпақтар» ойыны: әр бала қалпақ киіп, оның эмоциясын сезінеді.	Сәлемдеседі, көңіл-күйін білдіреді, эмоцияны көрсетеді	Белсенділік	Эмоциялы қалпақтар, смайликтер
Қызығушылы қты ояту (5 мин)	«Жылдамдық шеңбері» – шеңберде жүріп, музыка тоқтағанда белгілі қозғалысты орындау	Қимылдарды орындайды, шеңберде қозғалады	Белсенділік	Музыка, стикерлер
Жаңа тақырып (7 мин)	«Қимылдыларды табу» – психолог дене бөліктерін көрсетіп, балалар дұрыс қимылды қайталауы керек	Дене бөліктерін ажыратып, көрсетілген қимылды орындайды	Ауызша кері байланыс	Плакат, дене сызбалары
Негізгі бөлім (20 мин)	1. «Тепе-теңдік жолы» – жолақ бойымен жүріп, тепе-теңдікті сақтау. 2. «Қозғалыс әуені» – әр қимылға дауыс немесе дыбыс қосу. 3. «Қимылдар ансамблі» – 3–5 қимылды реттілікпен топпен орындау. 4. «Қимыл+тактиль» – әр қимыл кезінде түрлі текстуралы заттарға тиіп көру	Жаттығуларды орындайды, кеңістікті бағдарлайды, топпен үйлеседі	Белсенділік және дұрыс орындау	Жолақтар, конустар, текстуралы заттар, музыка

Сергіту сәті (3 мин)	«Эмоциялық секіру» – әр қимылға эмоция қосу: қуаныш, таңдану, қызығушылық	Қимылдарды орындайды, эмоция білдіреді	Белсенділік	Музыка, смайлик карточкалары
Рефлексия (5 мин)	«Менің жетістігім» – балалар смайлик таңдап, өз жетістігін бағалайды. Психолог сұрақ қояды: «Қай жаттығу ең қызықты болды?», «Қай қимылды жақсы орындадың?»	Өз ойын айтады, смайлик таңдайды	Өзін-өзі бағалау	Смайлик карточкалары, дәптер

Күтілетін нәтиже

- Оқушылар өз жетістіктерін анықтай алады.
- Өзін-өзі бағалай алады және нәтижесін бөлісе алады.
- Сын тұрғысынан ойлап, кері байланысты қабылдай алады.
- Жетістіктерін мақтан тұтып, әрі қарайғы мақсаттарын белгілей алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. **Есімжанова А.** Психикалық даму тежелуі бар балаларға түзету-дамыту бағдарламасы : әдістемелік құрал / А. Есімжанова. – Алматы : РБК, 2022. – 45 б.
2. **Пономарев Р.** Психокоррекционная работа с младшими подростками с задержанным типом психического развития // Психология : ғылыми-практикалық журнал. – 2022. – № 2 (15). – Б. 54–61.
3. **Аллаярова В. С.** Трудности внедрения инклюзивного образования в Казахстане // Современное образование. – 2023. – № 3. – Б. 27–31.
4. **Рахметова А. Р., Тусупбекова Г. А., Тулеуханов С. К.** Разработка методов адаптации детей с задержкой психического развития в условиях инклюзивного обучения // Journal of Educational Sciences / Білім беру ғылымдарының журналы. – 2023. – № 1 (78). – Б. 89–95.
5. **Садвакасова Н. А., Туганбекова К. М.** Стрессовые состояния детей дошкольного возраста с задержкой психического развития // 3i: Intellect, Idea, Innovation – Интеллект, Идея, Инновация. – 2023. – № 2. – Б. 112–119.
6. **Елеупаева Ж. К., Зарифова М. А., Оспанова Б. К.** Характеристика детей с задержкой психического развития начального школьного возраста // Вестник Alikhan Bokeikhan University. – 2019. – № 4 (12). – Б. 45–49.
7. **Изотова И. А., Королёва Е. Я.** Особенности развития речи и мышления у детей с задержкой психического развития, включённых в инклюзивное образование // Материалы Респ. науч.-практ. конф. «Непрерывное образование в Республике Казахстан». – Қостанай : КГПИ, 2021. – Б. 73–77.
8. **Мақұлбек А. Ж.** Қазақстандағы инклюзивті білім беру: мектепке дейінгі ұйымдардағы әлеуметтанулық талдау // Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2023. – № 2 (147). – Б. 62–68.
9. **Қайырбекова Г. Ж., Тебенова К. К.** Психикалық дамуында тежелісі бар бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық-ерік ерекшеліктері // «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. – 2024. – № 1. – Б. 71–81.
10. **Тюлепергенева Р. Ж.** Система психолого-педагогического сопровождения детей с задержкой психического развития // Педагогикалық зерттеулер журналы. – 2021. – № 4. – Б. 80–86.

МАЗМҰНЫ

1	Түсінік хат	3
2	Қойылатын талаптар мен күтілетін нәтижелер	4
3	Оқу -тақырыптық жоспары	5
4	Қысқа мерзімді сабақ жоспары	6
5	Зейін түрлерімен танысу	6
5.1	Зейіннің тұрақтылығын дамыту	8
5.2	Зейінді шоғырландыру жаттығулары	10
5.3	Сөздік нұсқау негізінде зейінді дамыту	12
5.4	Екі әрекетті бір уақытта орындау	14
5.5	Артықты табу	16
5.6	Қозғалыс арқылы зейінді дамыту	18
5.7	Қорытынды бақылау сабағы	20
5.8	Эмоцияларды тану	21
5.9	Эмоцияларды реттеу	23
6	Топтық әрекет	25
6.1	Коммуникация дағдылары	27
6.2	Өзін-өзі бағалау және мотивация	29
6.3	Ұсақ моторика	31
6.4	Ірі моторика және қимыл үйлесімділігі	34
6.5	Сенсорлық интеграция.	36
6.6	Көз–қол координациясы	38
6.7	Қорытынды сабақ. «Менің жетістігім»	40
6.8	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	42